

Жастар саясаты бойынша өзін өзі бағалау құралы



COUNCIL OF EUROPE



CONSEIL DE L'EUROPE

The opinions expressed in this work are the responsibility of the authors and do not necessarily reflect the official policy of the Council of Europe.

All requests concerning the reproduction or translation of all or part of this document should be addressed to the Directorate of Communication (F-67075 Strasbourg Cedex or publishing@coe.int). All other correspondence concerning this document should be addressed to the Directorate General of Democracy – Youth Department (youth@coe.int).

Cover and layout: Documents and Publications Production Department (SPDP), Council of Europe

Photos: © Council of Europe

This publication has not been copy-edited by the SPDP Editorial Unit to correct typographical and grammatical errors.

© Council of Europe, February 2021
Printed at the Council of Europe



Кіріспе

Еуропалық Кеңестің жастар саясаты саласындағы үкіметаралық ынтымақтастықтағы басымдықтарының бірі жастар саясатын әзірлеуді көтермелеу мен қолдау болып табылады.

■ Бұл үшін жауапкершілік Еуропалық мәдени конвенцияға қатысушы 50 мемлекеттің жастар мәселелерімен айналысатын министрліктерінің немесе органдарының өкілдерінен құралатын Жастар істері жөніндегі еуропалық жетекші комитетке (CDEJ) жүктелген.

■ CDEJ жастар секторындағы үкіметаралық ынтымақтастыққа жәрдемдеседі және ұлттық жастар саясаттарын салыстыруға, озық тәжірибе алмасуға, сондай-ақ нормативтік мәтіндерді әзірлеуге негіз болады.

■ CDEJ дәл осы тұрғыдан жастар саясатын дамыту үшін қазіргі өзін-өзі бағалау құралын ресми түрде қабылдады және мүше мемлекеттерді оны пайдалану мен таратуға шақырды.

Өзін-өзі бағалау құралы туралы анықтамалық ақпарат

Еуропалық Кеңестің жастар секторының қызметін қадағалайтын тетіктер болмағандықтан, CDEJ уақыт өте келе қол жеткізілген прогресті бағалайтын «өлшем» шарттары мен әдістеріне деген сұраныстың мүше мемлекеттердің үкіметтері тарапынан артып келе жатқанын байқады.

■ Сондықтан CDEJ Министрлер комитеті қабылдаған ұсыныстамалардың (немесе тиісті тұстарда Еуропалық Кеңестің басқа да тиісті органдары қабылдаған мәтіндердің) негізінде жастар саясатына арналған сапа өлшемдерінің жиынтығын әзірлеу қажет деп тапты.

■ Осындай өлшемдерге байланысты, жастар үшін жауап беретін органдар жастар бойынша саясатты әзірлеуде уақыт өте келе қаншалықты ілгерілегенін айқындап, қажетті түзетулерді немесе өзгерістерді енгізе алуы үшін стандартты көрсеткіштері бар өзін-өзі бағалау құралы әзірленді.

■ Бұл құрал мүше мемлекеттердің Еуропалық Кеңестің жастар саясаты бойынша стандарттарына өздерінің сай келетінін дербес бағалауына көмектесіп, олардың жастар саясатын өз бетімен дамытуына негіз болу үшін әзірленді.



Еуропалық Кеңеске сәйкес мемлекеттік жастар саясатының негізгі қағидаттары

Еуропалық Кеңес жастар саясатына негіз болуға тиісті сан алуан қағидаттарды, мақсаттар мен құндылықтарды көптеген жылдар бойы қалыптастырып келді.

Еуропалық Кеңестің талаптары бойынша кез келген мемлекеттік жастар саясаты мынадай қағидаттарды насихаттауға тиіс:¹

- a. қажет болған кезде, қиындықтарға емес, мүмкіндіктерге бағдарланған тәсілдеменің көмегімен, атап айтқанда, жастар саясатының стандарттары мен құралдарын әзірлеу арқылы, мүмкін болған тұстарда қисынды әрі бірін бірі қолдау жолымен жастар ісіне мақсатты түрде үлес қосу;
- b. жас адамдарды жастар саясатын стратегиялық жағынан әзірлеуге, сондай-ақ осы саясаттың жүзеге асырылуының іс жүзіндегі перменділігіне қатысты өздерінің көзқарасын білдіруге тарту;
- c. еңбек нарығында да, азаматтық қоғамда да жастардың толық рөл атқаруы үшін олардың білімін, машықтары мен құзырлығын дамыту мүмкіндігін қамтамасыз ете алатындай білім алуы, мүмкіндіктерге ие болып, тәжірибе жинауы үшін жағдай жасау;
- d. жастар саясатының тиімділігін паш ету үшін, сондай-ақ белгілі бір әлеуметтік топтардың жастарына белгілі бір салаларда немесе белгілі бір жағдайларда тиімді қызмет көрсетуге қатысты саясаттың қандай дәрежедегі олқылықтары бар екенін анықтау үшін деректерді жинаудың сенімді жүйесін құру;
- e. "Саясатта осындай олқылықтар" бар екені айқын көрінетін тұстарда оларды азайтуға ұмтылысын көрсету.

Бұл жалпы қағидаттар парасатты саясаттың қандай болуы керек екенін сипаттайды. Мүше мемлекеттерге сонымен қатар өздері жүргізетін саясаттың әсері мен тиімділігін қадағалау және, егер ол ішінара немесе түгелдей тиімсіз болып шықса, оны пысықтауға (немесе тіпті одан бас тартуға) дайын болу туралы кеңес беріледі.

Алайда қазіргі өзін өзі бағалау құралы жастар саясатының жоғарыда сипатталған негізгі қағидаттарына тікелей бағдарланбаған. Осы қағидаттардың қалай орындалатынын өз тұрғысынан (жергілікті, аймақтық, ұлттық немесе еуропалық деңгейде) бағалағысы келетін барлық мүдделі тараптарға Еуропалық жастар форумы (YFJ) әзірлеген, жоғарыда аталған қағидаттардың көпшілігін қамтитын сапа стандарттарының құралдарын пайдалану ұсынылады².

Қазіргі өзін өзі бағалау құралының назар аударатын тұсы басқа, себебі ол негізінен Еуропалық Кеңестің жастар саясаты саласындағы стандарттарын сақтау мәселелерін қарастырады.

1. Дереккөз: "Еуропалық Кеңес және жастар саясаты: мүше мемлекеттерде жастар саясатын дамытуды қолдау, көмек көрсету және ресурстар беру (2016 жыл). Бұл қағидаттар Еуропалық Кеңестің жастар саясаты бойынша бірқатар өзекті мәтіндерінен, соның ішінде Жастар саясаты жөніндегі еуропалық жетекші комитеттің (CDEJ) және Жастар істері жөніндегі консультативтік кеңестің (CCJ), Жастар саясаты жөніндегі компендиумның (2012 жыл) өкілеттік аясынан, Жастар саясаты жөніндегі жұмыс тобының 2003 жылғы жастар саясатының көрсеткіштері туралы қорытынды баяндамасынан алынған.

2. <https://www.youthforum.org/toolkit-quality-standards-youth-policy>.



Еуропалық Кеңестің жастар саясатының негізгі стандарттары

C DEJ ұйымының бағытына сәйкес, Еуропалық Кеңестің жастар саясатының жұмыс ауқымы мен көздеген нысанасы алдағы уақытта да Ұйымның негізгі құндылықтарын (адам құқықтары, демократия және заңның үстемдігі) насихаттауды жалғастыруға тиіс.

Еуропалық Кеңестің жастар саясаты бойынша қызметінің негізгі алты бағыты (диаграмманы қараңыз) Еуропалық Кеңес жастар саласында қабылдаған стандарттарға (негізінен Министрлер комитетінің ұсыныстамалары) негізделген. Олар Ұйымның шеңберінде қандай да бір болашақ жастар саясатын әзірлеуге негіз болуға тиіс.



Еуропалық Кеңестің стандарттарын ендірудегі жетістіктерді бағалауға арналған негізгі көрсеткіштердің жиынтығы

Араласу саласы	Тиісті көрсеткіштер
Қатысу	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Жастар саясаты барлық жастардың өздеріне қатысты шешімдерді қабылдауға белсенді қатысуына ықпалдасады және оларды қоғамның белсенді азаматтары ретінде әрекет етуге ынталандырады. ▶ Үкімет жастар ұйымдарын, жастар кеңестерін және жастардың басқа да бастамаларын немесе құрылымдарын мойындайды және қолдайды.
Ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Ақпарат Жастар саясаты жастардың мүддесін көздейтін ақпараттың берілуіне және оған барлық жастардың дербес және онлайн режимде қол жеткізуіне жағдай жасайды. ▶ Жастар саясаты жас адамдардың ақпаратпен жұмыс істеу машықтарын дамытуы үшін мүмкіндіктер жасайды.
Қоғамға араласу	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Жастар саясаты жағдайы нашар жас адамдардың өмірдің барлық салаларына (соның ішінде білім беру мен кәсіби даярлық, жұмыспен қамтылу және кәсіп таңдау, тұрғын үймен қамтылу, денсаулық сақтау, спорт, бос уақыт және мәдениет) қатысуына ықпалдасады. ▶ Жастар саясаты жас адамдар душар болатын алалаудың, зорлық-зомбылық пен шеттетудің қандай себептен екеніне қарамастан, олардың алдын алуды көздейді.⁴
Құқықтарға қол жеткізу	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Жастар саясаты барлық жас адамдардың құқықтарға қол жеткізуін барынша ынталандырады әрі жеңілдетеді және кез келген құқықтық, әкімшілік және іс жүзіндегі кедергілерді жояды. ▶ Жастар саясаты халықаралық, ұлттық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі саясаттың барлық тиісті салаларында ынтымақтасудың негізінде жастардың құқықтарға қол жеткізуін жақсартуда үйлестірілген тәсілдемені қолдануға ықпалдасады.
Жастар секторындағы жұмыс	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Жастар секторындағы жұмыс Жастар секторындағы сапалы жұмысты жолға қою немесе одан әрі дамыту жергілікті, аймақтық немесе ұлттық жастар саясатының аясында қамтамасыз етіледі және оған белсенді қолдау көрсетіледі. ▶ Жастар секторында ақылы негізде және ерікті түрде жұмыс істейтіндердің құзырлығы жастар секторындағы жұмыстың сапалы болуына кепілдік береді.
Ұтқырлық	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Еркін жүріп-тұру Жастар саясаты әсіресе жас адамдардың өздерінің Еуропаға қатысы бар деп сезінуін ынталандыру мақсатында олардың еркін жүріп-тұруын қолдайды. ▶ Жастар саясаты еркін жүріп-тұру бойынша сапалы жобалардың әзірленуін қоштайды.

4. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияның 14-бабында айқын көрсетілген түрде немесе Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың өнегелік құқығымен белгіленген кез келген басқа түрде

ҚАТЫСУ

Legal basis				
<ul style="list-style-type: none"> ▶ Жастардың азаматтығы және қоғамдық өмірге қатысуы турасында Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге берген Rec(2006)14 ұсыныстамасы ▶ Жастардың жергілікті және аймақтық өмірге қатысуы турасында Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге берген Rec(2004)13 ұсыныстамасы ▶ Еуропалық Кеңестің жергілікті және аймақтық билік органдары конгресінің жастардың жергілікті және аймақтық өмірге қатысуы бойынша қайта қаралған Еуропалық хартиясы ▶ Жастардың ұлттық кеңестерінің жастар саясатын дамытудағы рөлі турасында Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге берген Rec(2006)1 ұсыныстамасы ▶ Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияның 11-бабы (жиналыстар мен қауымдастықтар құру бостандығы) ▶ 18 жасқа дейінгі балалар мен жастардың қатысуы туралы ұсыныстамасы және балалардың қатысуын бағалау құралы 				
1-Көрсеткіш				
Жастар саясаты барлық жастардың өздеріне қатысты шешімдерді қабылдауға белсенді қатысуына ықпалдасады және оларды қоғамның белсенді азаматтары ретінде әрекет етуге ынталандырады.				
Өзін өзі бағалау өлшемдері	Иә	Толық емес ⁵	Жоқ	Пайдалы іс-тәжірибенің мысалдары
Жастар саясаты жас адамдардың белсенді азамат болуына, атап айтқанда, оларға қоғамдық өмірге қатысуын кеңейтетін білім алу мүмкіндігі мен тәжірибені беру арқылы көмектеседі.				
Барлық жастардың, соның ішінде жағдайы нашар жастардың шешім қабылдауына және өздерінің мүдделерін қозғайтын мәселелерді талқылауға қатысуына мүмкіндік беретін тиісті құрылымдар немесе іс-шаралар қалыптастырылады.				
Жергілікті, аймақтық және ұлттық деңгейде тиімді әрі жаңашыл түрде ат салысудың озық тәжірибесін бөлісу және оны пайдалану қош алынады.				

⁵ немесе “орындалу барысында”

2-көрсеткіш

Үкімет жастар ұйымдарын, жастардың кеңестерін және жастардың басқа да бастамаларын немесе құрылымдарын мойындайды және қолдайды

Өзін өзі бағалау өлшемдері	Иә	Толық емес	Жоқ	Пайдалы іс-тәжірибенің мысалдары
Жастардың ортақ мақсаттарына бірлесіп жетуді көздейтін органдар құруы үшін басқалармен бірігу құқығына кепілдік беріледі.				
Жастар ұйымдарының, кеңестері мен бастамаларының үздіксіз әрі тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін оларға қажетті орын, қаржы-қаражат беріліп, материалдық қолдау көрсетіледі.				
Тәуелсіз жастар ұйымдары мен жастар кеңестері жергілікті, аймақтық және ұлттық деңгейде жұмыс істейді және жастар саясатын әзірлеу мен жүзеге асыруда белсенді рөл атқарады.				

Әрі қарай ілгерілеуге мүмкіндік беретін оң үрдістер**Жақсартуға болатын салалар және одан кейінгі ықтимал шаралар**

Құқықтық негіз

- ▶ Жастарға қатысты ақпарат турасында Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге берген [CM/Res\(2010\)8](#) оұсыныстамасы
- ▶ Жастарды хабардар ету мен кеңестеме беру турасында Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге берген [No. R \(90\) 7](#) ұсыныстамасы
- ▶ Еуропалық Кеңестің басқа да тиісті бастамалары:
 - 2016-2019 жылдарға арналған Интернетті басқару стратегиясы
 - Жек көретін сөздер айту турасында Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге берген ұсыныстамасы
 - Жек көретін сөздер айтуға жол бермеу науқаны

1-көрсеткіш

Жастар саясаты жастардың мүддесін көздейтін ақпараттың берілуіне және оған барлық жастардың дербес және онлайн режимде қол жеткізуіне жағдай жасайды

Өзін өзі бағалау өлшемдері	Иә	Толық емес	Жоқ	Пайдалы іс-тәжірибенің мысалдары
Жастарды хабардар ету мен кеңестеме беру бойынша қызметтер жергілікті немесе аймақтық деңгейлерде көрсетіледі.				
Жастарды хабардар ету мен кеңестеме беру бойынша қызметтер ұлттық деңгейде көрсетіледі.				
Жастар туралы ақпараттың пішіндері мен арналары жастардың өзгеріп отыратын қажеттіліктері мен қалауларына, соның ішінде жаңа ақпараттық технологияларға бейімделеді.				
Жастардың өздері жас адамдарға арналған ақпараттық материалдар мен арналарды өзірлеуге ат салысады.				
Жастарды хабардар ету және оларға кеңес беру бойынша қызметтер күнкөрісі нашар жас адамдардың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға бағытталады.				

2-көрсеткіш

Жастар саясаты жас адамдардың ақпаратпен жұмыс істеу машықтарын дамытуы үшін мүмкіндіктер береді

Өзін өзі бағалау өлшемдері	Иә	Толық емес	Жоқ	Пайдалы іс-тәжірибенің мысалдары
Ақпараттық/цифрлық сауат, соның ішінде сыни тұрғыдан ойлай білу міндетті білім берудің бір бөлігі болып табылады.				
Ақпараттық/цифрлық сауат, соның ішінде сыни тұрғыдан ойлай білу міндетті емес білім берудің бір бөлігі болып табылады.				
Жастар саясаты жастардың онлайн ақпараттың тұтынушылары мен жасаушылары ретінде бетпе-бет келетін қауіп-қатерлер, соның ішінде жеке деректерінің қорғалуы турасында хабардарлығын арттырады.				

Әрі қарай ілгерілеуге мүмкіндік беретін оң үрдістер

Жақсартуға болатын салалар және одан кейінгі ықтимал шаралар

Құқықтық негіз

- ▶ Күнкөрісі нашар жерлерде тұратын жастардың әлеуметтік құқықтарға қол жеткізе алуы турасында Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге берген [СМ/Rec\(2015\)3](#) ұсыныстамасы
- ▶ Жастардың құқықтарға қол жеткізуі турасында Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге берген [СМ/Rec\(2016\)7](#) ұсыныстамасы

1-көрсеткіш

Жастар саясаты жағдайы нашар жас адамдардың өмірдің барлық салаларына (соның ішінде білім беру мен кәсіби даярлық, жұмыспен қамтылу және кәсіп таңдау, тұрғын үймен қамтылу, денсаулық сақтау, спорт, бос уақыт және мәдениет) қатысуына ықпалдасады

Өзін өзі бағалау өлшемдері	Иә	Толық емес	Жоқ	Пайдалы іс-тәжірибенің мысалдары
Жастар саясаты жағдайы нашар жас адамдардың қажеттіліктерін арнайы ескереді.				
Әсіресе жастар секторындағы жұмыс, еркін жүріп-тұру, белсенді қатысу және хабардар ету арқылы барлық жастардың қоғам өміріне ат салысуына ықпалдасу бойынша нақты шаралар көзделген.				
Жастар саясаты жастардың қоғам өміріне араласуына ықпалдасу мақсатында білім беру саласындағы саясатты ескереді.				
Жастар саясаты жастардың қоғам өміріне араласуына ықпалдасу мақсатында жұмыспен қамту саласындағы саясатты ескереді.				
Жастар саясаты жастардың қоғам өміріне араласуына ықпалдасу мақсатында тұрғын үймен қамтамасыз ету және денсаулық сақтау саласындағы саясатты ескереді.				

2-көрсеткіш

Жастар саясаты жас адамдар душар болатын кемсітушіліктің, зорлық-зомбылық пен шеттетудің қандай себептен екеніне қарамастан, олардың алдын алуды көздейді⁶

Өзін өзі бағалау өлшемдері	Иә	Толық емес	Жоқ	Пайдалы іс-тәжірибенің мысалдары
Барлық жастардың ешқандай кемсітусіз қоғамда белсенді рөл атқаруына мүмкіндік беретін нақты шаралар қабылдануда.				
Кейбір жастардың алалаушылық пен лақап тағушылық тұрғысынан жөбір көретіні мойындалады және осы мәселелені шешуге бағатталған шаралар әзірлену үстінде.				
Шыққан тегі әр алуан адамдардың ынтымақтастығы пен жақсы қарым-қатынасына ықпалдасатын шаралар, соның ішінде жастар секторындағы жұмыс арқылы қабылдануда.				

Әрі қарай ілгерілеуге мүмкіндік беретін оң үрдістер

Жақсартуға болатын салалар және одан кейінгі ықтимал шаралар

6. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияның 14-бабында айқын көрсетілген түрде немесе Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың өнегелік құқығымен белгіленген кез келген басқа түрде

ҚҰҚЫҚТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Құқықтық негіз

- ▶ Жастардың құқықтарға қол жеткізуі турасында Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге берген [CM/Rec\(2016\)7](#) ұсыныстамасы
- ▶ Еуропалық Кеңестің демократиялық азаматтық және адам құқықтары саласындағы білім беру туралы хартиясы бойынша Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге берген [CM/Rec\(2010\)7](#) ұсыныстамасы

1-көрсеткіш

Жастар саясаты барлық жас адамдардың құқықтарға қол жеткізуін барынша ынталандырады әрі жеңілдетеді және кез келген құқықтық, әкімшілік және іс жүзіндегі кедергілерді жояды⁷

Өзін өзі бағалау өлшемдері	Иә	Толық емес	Жоқ	Пайдалы іс-тәжірибенің мысалдары
Жастар саясаты барлық жас адамдардың сапалы білім алу және кәсіби дайындықтан өту мүмкіндіктеріне қол жеткізу жолындағы кедергілердің жойылуына ықпалдасады.				
Жас адамдарға тұрақты әрі нақты жұмысқа орналасу кезінде кездесетін қиындықтарды, сондай-ақ тұрлаусыз тіршілік жағдайларының теріс салдарын еңсеруде қолдау көрсетіледі.				
Жастардың әлеуметтік сала мен денсаулық сақтау саласындағы нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша шаралар көзделеді.				

2-көрсеткіш

Жастар саясаты халықаралық, ұлттық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі саясаттың барлық тиісті салаларындағы ынтымақтастық негізінде жастардың құқықтарға қол жеткізуін жақсартуда үйлестірілген тәсілдеменің қолданылуына ықпалдасады

Өзін өзі бағалау өлшемдері	Иә	Толық емес	Жоқ	Пайдалы іс-тәжірибенің мысалдары
Жастар саясаты жастардың адам құқықтары саласындағы білімге және демократиялық азаматтыққа қол жеткізуін қамтамасыз етеді.				
Саясаттың барлық тиісті салаларында жастар мәселелерімен айналысатын мүдделі тараптар бір-бірімен өзара әрекеттеседі және жастардың құқықтарға қол жеткізу мүмкіндігін кеңейту мақсатында бірлесіп жұмыс атқарады.				
Жастардың құқықтарға қол жеткізуін ынталандыратын және кепілдік беретін қолданыстағы және жоспарланған заңнамаға немесе бағдарламаларға шолу жүргізіледі және қосымша көмекші шаралар қабылданады.				

Әрі қарай ілгерілеуге мүмкіндік беретін оң үрдістер

Жақсартуға болатын салалар және одан кейінгі ықтимал шаралар

7. CM/Rec (2016) 7 ұсыныстамасына енгізілген, жұмыстың басқа салаларында (мысалы, қатысу, қоғам өміріне араласу) қамтылған, көрсеткіштердің немесе бағалау өлшемдерінің деңгейіндегі құқықтарға қол жеткізу мүмкіндігі бұл жерде нақты қарастырылмайды.

ЖАСТАР СЕКТОРЫНДАҒЫ ЖҰМЫС

Құқықтық негіз

- Жастар секторындағы жұмыс турасында Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге берген [СМ/Рес\(2017\)4](#) сынынамасы

1-көрсеткіш

Жастар секторындағы сапалы жұмысты жолға қою немесе одан әрі дамыту жергілікті, аймақтық немесе ұлттық жастар саясатының аясында қамтамасыз етіледі және оған белсенді қолдау көрсетіледі

Өзін өзі бағалау өлшемдері	Иә	Толық емес	Жоқ	Пайдалы іс-тәжірибенің мысалдары
Жастар жұмысына ықпал ететін стратегиялар, жалпы қағидалар, заңнама, тұрақты құрылымдар мен ресурстар әзірленуде.				
Барлық жас адамдардың жастар секторының жұмысына тең дәрежеде қол жеткізуі басқа секторлармен және тиісті саясаттармен жұмысты тиімді үйлестіру жолымен қамтамасыз етіледі.				
Жастар секторының қызметкерлері және жас адамдар жастар секторының жұмысын дамытуға белсенді түрде ат салысады.				

2-көрсеткіш

Жастар секторында ақылы негізде және ерікті түрде жұмыс істейтіндердің құзырлығы жастар секторындағы жұмыстың сапалы болуына кепілдік береді

Өзін өзі бағалау өлшемдері	Иә	Толық емес	Жоқ	Пайдалы іс-тәжірибенің мысалдары
Жастар секторында ақы төленетін негізде және ерікті түрде жұмыс істейтін қызметкерлерді оқыту мен кәсіптік даярлаудың келісілген әрі икемді тұжырымдамасы әзірленді.				
Кез келген осындай тұжырымдамада қолданыстағы тәжірибе, жаңа үрдістер мен салалар, сондай-ақ жастар секторындағы жұмыстың алуан түрлері ескеріледі.				
Бұл тұжырымдаманы әзірлеуге мүдделі тараптар, соның ішінде жастар секторының қызметкерлері мен жас адамдар тартылады.				

Әрі қарай ілгерілеуге мүмкіндік беретін оң үрдістер

Жақсартуға болатын салалар және одан кейінгі ықтимал шаралар

Құқықтық негіз

- ▶ Жастардың Еуропада еркін жүріп-тұруын көтермелеу мен оңайлату мақсатында жастар картасы бойынша ішінара келісімді белгілейтін (91) 20 қарар
- ▶ Жастардың еркін жүріп-тұруы турасында Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге берген R (95) 18 ұсыныстамасы

1-көрсеткіш

Жастар саясаты әсіресе жас адамдардың өздерінің Еуропаға қатысы бар деп сезінуін ынталандыру мақсатында олардың еркін жүріп-тұруын қолдайды

Өзін өзі бағалау өлшемдері	Иә	Толық емес	Жоқ	Пайдалы іс-тәжірибенің мысалдары
Саясаттың оқып-үйрену мен жаңалықтар ашу саласындағы белгілі бір ережелері, бағдарламалар мен мүмкіндіктер жастардың еркін жүріп-тұруына әлеуметтік, мәдени, білім алу және экономикалық тұрғыдан ықпалдасады.				
Жастардың еркін жүріп-тұру мәселелері бойынша ақпараттық және кеңестемелік қызметтер көрсетіледі.				
Еркін жүріп-тұру саласындағы жобалар атап айтқанда жастардың өзін Еуропаға қатысты деп сезінуін Еуропалық Кеңестің мәдениетаралық оқыту құндылықтары мен қағидаттары арқылы қалыптастыруға жәрдемдеседі.				

2-көрсеткіш

Жастар саясаты еркін жүріп-тұру бойынша сапалы жобалардың әзірленуін қоштайды

Өзін өзі бағалау өлшемдері	Иә	Толық емес	Жоқ	Пайдалы іс-тәжірибенің мысалдары
Еркін жүріп-тұру саласындағы жобалар Жастарды оқыту сапасы және олардың еркін жүріп-тұруы мәселелері бойынша Еуропалық хартияда қамтылған басшылық қағидаттар сияқты сапа қағидаттарына сай келеді.				
Тиімдірек саяси шешімдерді әзірлеуге жәрдемдесу мақсатында жастардың еркін жүріп-тұруы мәселелері бойынша білім алу мен озық тәжірибе жинау және оларды бөлісу іске асырылуда.				

Өрі қарай ілгерілеуге мүмкіндік беретін оң үрдістер

Жақсартуға болатын салалар және одан кейінгі ықтимал шаралар

Жастарды еуропалық құндылықтармен, атап айтқанда, Еуропалық Кеңестің негізгі құндылықтарымен (адам құқықтары, заңның үстемдігі, демократия) байланыстыру қажеттілігінің шешуші мәні бар. Еуропалық Кеңес жастар саясатын жалпы еуропалық құндылықтар және Еуропаға тән болу сезімінің негізінде түсінуді әрқашан да қолдап келді.

Дәл осы тұрғыда Жастар ісі бойынша Еуропалық жетекші комитет (CDEJ) жастар саясатын әзірлеу үшін өзін өзі бағалаудың осы құралын ресми түрде бекітті.

Бұл құрал мүше мемлекеттерге Еуропалық Кеңестің жастар саясаты стандарттарының сақталуын өз бетімен бағалауда көмек көрсету үшін және жастар саясатын дербес әзірлеуде негіз қылу үшін әзірленді. Осы іс-тәжірибелік құрал мүше мемлекеттер мен басқа да мүдделі тараптарға озық іс-тәжірибені анықтау мен бөлісуге, сондай-ақ уақыт өте келе қол жеткен жетістіктерді бағалауға мүмкіндік береді деген үміт бар.

www.coe.int

Еуропалық Кеңес – континенттің жетекші құқық қорғау ұйымы. Оның құрамына 47 мүше мемлекет, соның ішінде Еуропа Одағының барлық мүшелері кіреді. Еуропалық Кеңеске мүше барлық мемлекеттер Адам құқықтары жөніндегі еуропалық конвенцияға – адам құқықтарын, демократияны және заңның үстемдігін қорғауға арналған шартқа қол қойды. Адам құқықтары жөніндегі еуропалық сот Конвенцияның мүше мемлекеттерде жүзеге асырылуын қадағалайды.

